

КИНО СЦЕНАРИЙ

Тақырып: Заманауи өмірдегі дәстүрдің ықпалы.

Тақырыпша: Тіл мен мәдени болмыстың жоғалуы, өз тамырынан ұялу

1-САХНА

Реквизиты: бауырсақ, шелпек, құрт, варенье, қымыз.

(Далада, қаладан машинмен әкесімен, анасы келді.)

Мансур: Мама, папа

(Үй. Үйден ата-әжесі шығып келе жатыр)

Әкесі: Мансур балам, қалайсың?

Анасы: Сыноқ, қалайсың?

Атасы: Келіндер, ішке кірейік

(Дастархан басында атасы, әжесі, немересі)

Әкесі: Мансуртай өсіп қалды сіздердің рұқсаттарыңызбен қалаға әкетіп, оқытсақ деп едік

Атасы: Иә, балам. Қалаға апарып оқытқандарың дұрыс.

Атасы: Балам, сен оқуды қалада жалғастыруың керек.

Немере: Ата, мен ауылда қалғым келеді... Достарым осында, бәрі таныс, үйреніп қалған жерім...

Атасы: Түсінем, қарағым. Бірақ сенің болашағың үшін осындай қадам жасау керек. Білім — жарық жолың.

Немере: Ауылда да үйренуге болады ғой...

Атасы: Үйренуге болады, бірақ шын арманың үлкен болса — соған сай дайындық керек. Қалада сен көп нәрсені көріп, өзінді дамытасың.

Мен сенен бір ғана нәрсе сұраймын: ертең “әттеген-ай” демеу үшін, бүгін әрекет ет.

Немере: Жақсы... Егер сіз солай десеңіз, тырысып көрем...

Атасы: Ең бастысы, қайда жүрсеңде өзіңнің қайдан шыққаныңды, ана тіліңді, ауылыңды, бізді ұмытпағын.

2-САХНА

Реквизиты: сөмке, чемодан, көлік.

(Осы кезде сырттан көліктің дабылы естіледі)

(Қақпа сыртында ата-анасы баласын күтіп тұрады.)

(Бала ата-әжесімен қоштасып, атасы бата оқып, әкесі баласының заттарын көлікке салып, қалаға жол тартады. Көлік ішінде, әке-шеше орыс тілінде жұмыс жайлы сөйлеседі. Бала артқа қарап ата әжесіне қарайды, олар алыстан қол бұлғап тұрады.)

3-САХНА

Реквизиты: дәптер, қалам, кітап

(Қалада. Астана (10жыл өткен соң). Мектеп. Сыныптың іші. Оқушылар орысша сөйлесіп отыр).

Адина: Что собираетесь делать на летних каникулах? Мы, наверное, с семьёй поедим отдыхать в Турцию.

Амина: А мы, наверное, поедим в Дубай. Родители часто говорят об этом месте.

Нурислам: Мен ауылға ата-әжеме баратын шығармын, жыл сайын жазғы демалыста сол жаққа барамын.

Мансур: Фу, ненавижу аул. Не понимаю, что там может быть интересного. Я не был в ауле больше 10 лет. В прошлом году мы с родителями были в Германии. Там мне очень понравилось. Вот увидите — закончу 11 класс и уеду туда, больше в Казахстан не вернусь.

Остальные: Вау, круто!

(Қоңырау. Сыныпқа мұғалім кірді.)

Ұстаз: Сәлеметсіздер ме, оқушылар. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: “Қазақ тілі ” шығармасы, Мағжан Жұмабаев. Әуелі, қазақтың заңға рақымды Мағжан Жұмабаев туралы не білесіңдер??

(Сыныпта жалғыз Гүлсезім қол көтереді.)

Гүлсезім: Мағжан Жұмабаев — алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы.

(Сол уақытта Мансур Икраммен, видео көріп күліп отырады.)

Ұстаз: Мансур, неге сабақ үстінде күліп отырсың?

Мансур: Неге именно мен, бәрі шумят же.

Ұстаз: Әркім өзі үшін жауап берсін.

Сабақтан соң, ата-анаңмен сөйлесетін боламын.

Мансур: Ваш урок не интересный и не нужный вообще.

(Коридорға жынданып шығып кетеді)

4-САХНА

(Ас бөлмесі, дастархан, әкесі мен анасы)

Әкесі: Тамақ дайын болыптығой.

Анасы:Сыноқ,пойдем уже кушать.

Әкесі:Қайда жүр мына бала?!Келсеңші Мансұр

Анасы:Сегодня опять звонили со школы.Твой сын что-то натворил,поговори с ним.Қазақша не знает говорит.

Әкесі:Сен қазақша сөйлемесең,ол қалай қазақша сөйлейді?

Мансұр:Достали уже.

(Мансұр ас бөлмеден тұрып,кетіп қалады.)

5-САХНА

(Үй. Мансұрдың бөлмесі.Төсегіне барып жатады. Қазақ тілі өлеңі, Мағжан Жұмабаев.)

Мансур: Зачем вообще учить это стихотворение?

6-САХНА

Реквизиты: оқушылар,ұстаздар,сөмке,форма,мектеп заттары

(Түс. Мектеп. Барлық қазақша таңбалар орыс тілінде. Крылов атындағы Бином (Мектепке не болған, Крылов дегені несі?) Мансур сыныпқа кіреді.)

Мансур: Всем, привет. Вы выучили стихотворение по казахской литературе?

Данияр: Привет. Что ты несёшь? Что вообще за казахская литература?

Мансур: Да ты прикалываешься. Спрошу-ка у Гулсезим.

Мансур:Привет. Ты выучила стихотворение по казахской литературе?

Гүлсезім: Что это вообще за казахский язык? Опять ты со своими глупыми шутками?

Мансур:В смысле? Разве первый урок не казахская литература?

Гүлсезім: Ты в своём уме? Какой ещё казахский? Первый урок — русская литература. Нам задали выучить стихотворение Пушкина.

(Қоңырау. Оқушылар сыныпқа кіреді. Сыныпқа қазақ тілі мұғалімі кіреді.)

Мұғалім: Добрый день, ученики.

Оқушылар: Здравствуйте.

Мұғалім: Садитесь. Что я задавала на дом?

Мансур: Ұстаз сіз неге орыс тілінде сөйлеп тұрсыз? Қазір қазақ тілі сабағы емес пе?

Мұғалім: Что ты сказал, я не поняла? На каком языке ты сам сейчас

говоришь? Если это твоя обычная шутка — совсем не смешно. Лучше скажи, что было задано

Мансур: Выучить стихотворение Мағжана Жұмабаева «Қазақ тілі».

Мұғалім: Какое ещё стихотворение? Кто такой Мағжан Жұмабаев?

С тобой просто нет слов-садись

Бір ұл: Мансур, ты что говоришь вообще? Теперь снова вызовут твоих родителей.

Мансур: Да брось, я сам ничего не понимаю. (Что вообще происходит?)

(Қоңырау. Мансур коридорға шығып ары бері түк түсінбей жүреді)

(Мектеп ауласы.)

Мансур: Что вообще происходит? Где это я? Чёрт, чёрт... а, точно — интернет.

(Мансур интернеттен Қазақстан, қазақ тілі, Абай, Мағжан туралы ақпарат іздейді бірақ таппайды)

Мансур:Қалай қазақ тілі жоқ? Ал Мағжан Жұмабаев ше?

Мансур: Мені біреу мазақ етіп тұр ма? Бұнысы несі. Жер көлемі бойынша 9 орын алатын Қазақстан қайда?

(Сабақ аяқталғандықтан мектеп сыртындағы скамейкаға отырады)

Мансур: мүмкін емес, мүмкін емес.

(Мансур айналаға қарап,бұл мәселені шешкісі келеді)

7-САХНА

Реквизиты: орындық,саябақ, сөмке,телефон

(Мансур саябақта,фонтанға қарап, тыныш жерде отырады. Қасына бейтаныс ер адам келеді)

Ер адам: Балам сағатты айтып жібересің бе?

Мансур: Түскі сағат 15:00.

Ер адам: Рақмет, балам

Мансур: Токтаңыз. Сіз қазақша сөйледіңіз бе?

Ер адам: Иә, не болды? Сен өзің қазақ тілін керек санамайтын едің ғой? Енді не өзгерді?

Мансур:Жоқ,мен бұлай болады деп қаламадым,мен бәріне өкінемін. Өтінем көмектесіңізші.

Ер адам:Балам,қазақ тілі жойылып кетті. Қазақ тілі болмағандықтан, Қазақстанда жоқ.

Енді бәрі тым кеш, ештеңе өзгерте алмайсың. Көндіккенің дұрыс. Қазақ тілінде сөйлемейтін әр қазақ, тіл жойылса, ұлттың да жойылатынын іштей білген еді. Бірақ жағдайды өзгертуге тырыспады. Енді міне сол өзімшілдіктің нәтижесі.

(Ер адам тұрып,кетеді.Мансур ер адамның артына қарап)

Мансур: Жоқ, кетпеңізші. Мені тастамаңызшы. Мен қазақ тілінде сөйлейтін боламын. Елім үшін,жерім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Тек тағы тағы бір мүмкіндік беріңізші.

8-САХНА

Реквизиты: үстел,кітаптар,дәптерлер,ноутбук,төсек,сөмке

(Мансур шошып, жылап оянады. Сағат таңғы 6:07. Үстеліне қараса қазақ тілді кітаптар. Бірден интернеттен Қазақстан, қазақ тілі туралы іздейді.)
(Мансур бірден кітапты ашып, өлеңді жаттайды. Түсіндегі ер адамның М. Жұмабаев екенін түсінеді)

9-САХНА

Реквизиты: оқушылар, ұстаздар, сөмке, форма, мектеп заттары
(Мектеп.)

Амина: Мансур, как ты? Как спалось?

Мансур: Жақсы, өзің? Сосын қазақша сөйлеңдерші.

Шұғыла: Сен айтып тұрсың ба, қазақша сөйле деп.

Мансур: Иә, мен айтып тұрмын. Бұдан былай тек қазақ тілінде сөйлеймін. Сендерге де кеңес беремін. Ана тіліміз, өте көркем, әсем, бай ғой шіркін.

Данияр: Олай болса, қазақ тілінен үй жұмысын орындаған боларсың?

Мансур: Әлбетте, кеттік сыныпқа кірейік.

(Сынып іші)

Мұғалім:Сәлеметсіңдер ме!

Оқушылар: Сәлеметсіз бе!

Мұғалім: Отырыңдар, сабақты бірінші үй жұмысын тексеруден бастайық.

Кім айтқысы келеді?

(Мансур қолын көтереді)

Мұғалім: Мансур? Тақтаға шыға ғой.

(Мансур өлеңді мәнерлеп айтады.)

Мұғалім:Жарайсың Мансур,жарайды балалар сонымен сабағымыз аяқталды

(Оқушылар заттарын жинап,сыныптан шығады)

11-САХНА

Реквизиты: сөмке,мектеп формасы, кітаптар

Мансур: Гүлсезім, тоқташы. Бүгінгі қазақ тілінен тақырыпты түсіндің бе? Сенен көмек сұрайын деп едім?

Гүлсезім: Мәссаған, сенен бұндай сөз күтпедім

Мансур: Енді ең алдымен өз тілімде сөйлейтін боламын, әлі үйренерім көп, маған көмектесе аласың ба?

Гүлсезім: Әрине, не дегенмен бір сыныпта оқимыз. Бір бірімізге көмектеспегенде ше?

Мансур: Иәә

Гүлсезім: Айтпақшы, қазақ тілін қашаннан бері қолға алуды ойладың?

Мансур: Қазірден

(Екеуі жымияды)

12-САХНА

Реквизиты: саябақ, чемодан

(Мансұрдың ата-анасымен бақытты кездері, ауылда ата, әжесімен жүздесуі
Ауылдағы балалық шақты еске алу сәттері)

Ауыл туралы ән: Darkhan Juzz